

**Дарья жалпы білім беретін мектебінің
әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылында
атқарған жылдық жұмысының есебі**

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және аз қамтылған, жетім, көпбалалы, жартылай жетім, толық емес отбасы балаларына әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеті:

1. Оқушылардың әлеуметтік педагогикалық ерекшеліктерін және олардың ортасын, өмір салтын, қызығушылығы мен қажеттіліктерін, мәселелерін, келеңсіз жағдайларын, оқушылардың мінез-құлығындағы ауытқуларды зерттей келе, өз кезегінде балаға және отбасына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету
2. Әлеуметтік педагогикалық жұмыстың әдістері мен бағытын, тапсырмаларын, әлеуметтік және жеке мәселелі шешу жолдарын айқындау.
3. Оқушыларды әлеуметтік қорғауға білім беру, тәрбиелеу, дамыту процестерін жүзеге асыру.

Мектепте тамыз айында бекітілген бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Тамыз айында 2024-2025 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

Мектеп бойынша әр отбасының әлеуметтік статусы анықталды. Тізімдері жасалынды. Оқушылардың жалпы саны: 69. Ұл бала -32, қыз бала-37. Жетім және ата ана қамқорлығынсыз қалған бала -0 ,толық емес отбасы саны- 6, әкесі қайтыс болған- 4, анасы қайтыс болған-1, ажырасқан отбасы балалары- 5 . Атаулы әлеуметтік көмек алатын -0. Көп балалы -12 отбасы оның ішінде 31 оқушы. Өгей әкесімен тұратын -0 оқушы, өгей шешесімен тұратын оқушы-0 .

Әлеуметтік қамқорлықтағы барлық оқушылар кітаппен қамтамасыз етілді. Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы және картотекасы жасалынды. Даму мүмкіндігі шектеулі балалар анықталған жоқ.

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын жыл сайын өткізу дәстүрге айналды. Бұл акцияның мақсаты - балаларды мектепке дайындау үшін материалдық қолдау көрсету. «Мектепке жол» акциясы 2024 жылдың тамыз айынан бастап өтті. Осыған орай КХ «Бірлік» 10 мың теңге көлемінде 1 оқушыға кеңсе тауарларын табыстады және мектеп ұжымы толық емес отбасынан шыққан 1 оқушыға 30 мың теңге қаржылай көмек берді.

Жалпыға бірдей білім беру есебінен берілетін бір реттік қаржылай көмек мектептің көп балалы, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасынан шыққан 14 оқушыға 43 407 теңге бір реттік қаржылай көмек көрсетілді. Қаржылай көмек көрсетуге бөлінген қаражат, баланың киімі, оқулықтары мен оқу құралдарына жұмсалуды тиіс мақсатында білім алушылардың ата-аналарынан чек талап етілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары жүргізілуде. Жалпыға бірдей білім беру қорынан қыркүйек айында 7 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар қазірге таңда асханада 1-4 сынып оқушылары – 22 оқушы тегін тамақтанады. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны – 29

5-11 сынып оқушыларына буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылып, жаднама таратылды



"11 қазан-қыздар күні" апталықтың жоспарына сай, "Қыз қылығымен қылықты" тақырыбында тренинг өткізілді.



Кәмілетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс - тұрыстардың алдын алу және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға ықпал ету жоспары бойынша әлеуметтік педагог, педагог-психологтар қадағалауымен І-ІІ тоқсан бойынша 5-11 сынып старосталары мен сынып жетекшілері әлеуметтену динамикасын жүргізді.



Мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынасын нығайту, өзара жағымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ақыл-ойын дамыту, ортада өзін еркін ұстауға және өз ойын еркін жеткізуге үйрету негізінде

17-20 желтоқсан аралығында «Психологиялық» апталығы өткізілді.



"Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" халықаралық акция шеңберінде "Біз гендерлік/тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсымыз" тақырыбында әлеуметтік педагог Г.Кузембаева 8 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді.



Жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған оқушыларға мектеп асханасындағы тәртіп бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Жаңа жыл мерекесіне қарсы мектебіміздің 5 сынып оқушысы Жомартқызы Айару Ж.Ақылбаев атындағы МЛ өткен Республикалық президент шыршасына қатысып , сыйлыққа

40 000

теңгеге

сертификат

берілді.



Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында учаскелік инспекторы, полиция капитаны Игенбеков Б.З. және мектеп мұғалімдері "Түнгі рейд" жүргізді.

2024-2025 оқу жылында білім алушыларды бір реттік тегін ыстық тамақпен қамту бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. 1–4 сынып оқушылары толығымен бір реттік ыстық тамақпен қамтылды. 5–11 сыныптар арасындағы әлеуметтік осал топтардан шыққан оқушылар (аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балалар және т.б.) жергілікті бюджет есебінен бір реттік тамақпен қамтылды. Барлығы 29 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Мектеп асханасында ұсынылатын ас мәзірі ҚР ДСМ мен ҚР БҒМ бекіткен санитарлық талаптарға сай жасақталды. Ас мәзірі рационалды, теңгерімді, балалардың жас ерекшеліктері мен дене дамуына сәйкес. Ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі және медициналық қызметкерден құралған бракераждық комиссия ай сайын тексерулер жүргізіп отырды. Тағам дайындауда тыйым салынған өнімдер (тәтті газдалған сусындар, фаст-фуд, шұжық өнімдері, майлы және қуырылған тағамдар, т.б.) қолданылған жоқ. Оқушылар мен ата-аналарға салауатты тамақтану мәдениетін қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 2024-2025 оқу жылының есептік мерзімінде білім алушыларды сапалы бір реттік тамақпен қамту бойынша барлық қажетті шаралар атқарылды. Тағам сапасына күнделікті бақылау орнатылған, санитарлық талаптар толықтай сақталды.

«Білім алушылардың жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметін жүзеге асыру мақсатында жұмыстар атқарылды. Мектеп жанындағы Қамқоршылық кеңестің отырысында қабылданған шешімге сәйкес «Жаздық жолдама 2025» жобасы аясында жазғы демалыс кезеңінде 4 және 6 сыныптардан 2 оқушы (көпбалалы отбасынанан шыққан) Алматы облысында орналасқан «Тау жанашыр» жазғы сауықтыру лагеріне жолданатын болды. Лагерьге баратын оқушылардың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

8-сынып сынып оқушыларымен 31.01.2025 жылы «Әр баланың құқығы – мемлекет құндылығы» семинар тренингісі өткізілді. Тренинг «Менің атым және маған маңызды 1 құқық» жаттығуы арқылы оқушылар өз есімін айтып, бала құқықтарының ішінен өздері үшін маңыздысын бөлісуімен басталды. Бұл кезең еркін атмосфера қалыптастырып, оқушылардың белсенділігін арттырды. Оқушылар БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясымен және Қазақстан Республикасындағы бала құқықтарын қорғау заңымен танысты. «Бала құқықтары туралы не білеміз?» атты миға шабуыл форматындағы сұрақ-жауап барысында құқық, міндет, қорғау тетіктері жайлы білімдерін ортаға салды. «Құқық пен міндетті тап» жаттығуында оқушылар құқық пен міндетті ажыратып, оларды сәйкестендіріп, өзара байланысын түсінді. «Құқығым бұзылған жағдайда...» тапсырмасында нақты өмірлік жағдаяттар ұсынылып, оқушылар қай құқық

бұзылғанын анықтап, қандай әрекет жасау керектігін ұсынды. Бұл жаттығу құқықтық ойлауды дамытуға бағытталды. Талдау және пікір алмасу бөлімінде оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, рефлексия жасады.



Құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен тіленшіліктің алдын алу, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау, сондай-ақ түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз көшеде жүрген оқушыларды анықтау мақсатында профилактикалық рейдтік іс-шара ұйымдастырылып отырды. Рейдтік іс-шараға мектеп әкімшілігі тарапынан тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері және учаскелік полиция инспекторы қатысты. Рейд барысында төмендегі бағыттар қамтылды: кешкі және түнгі уақытта қоғамдық орындарда жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау, ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қарауынсыз жүрген балаларды тіркеу, мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу, қиын өмірлік жағдайдағы және әлеуметтік қауіп тобындағы балаларды анықтау.



Білім алушылар мен ата-аналарға буллингтің, оның ішінде кибербуллингтің алдын алу мақсатында 20.02.2025 ж. түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында әлеуметтік педагог оқушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері (вербалды, физикалық, психологиялық, әлеуметтік және онлайн ортадағы буллинг), белгілері және одан қорғану жолдары туралы ақпарат берді. Сонымен қатар оқушыларға «Буллингтен қалай сақтануға болады?», «Қауіпсіз мінез-құлық ережелері», «Көмек қажет болса – кімге жүгінуге болады?» тақырыптарында арнайы дайындалған жаднамалар таратылды. Жаднамада буллинг жағдайында өзін қалай ұстау, кімнен көмек сұрауға болатыны және құпиялылықтың маңыздылығы туралы пайдалы мәліметтер қамтылды.



2025 жылғы 03 наурыз күні бастауыш сынып оқушыларына арналған «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында мектеп медбикесінің қатысуымен түсіндірме жұмысы жүргізілді. Түсіндіру жұмысы барысында оқушыларға дұрыс әрі пайдалы тамақтанудың маңызы туралы кеңінен ақпарат берілді. Балаларға бір реттік ыстық тамақпен қамтылудың артықшылықтары, күнделікті тағам рационында болуы тиіс өнімдер, сондай-ақ тәтті, газды сусындар мен фастфуд өнімдерінің ағзаға тигізетін зияны туралы түсініктер берілді. Медбике оқушыларға арнайы дайындалған слайдтар көрсетіп, олардың қызығушылығын арттырып, пайдалы әдеттерді қалыптастыруға бағытталған сұрақ-жауап түріндегі интерактив ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ететін дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру, бір реттік тамақтандырудың маңызын ұғындыру және ата-аналар мен оқушыларға арналған ұсынымдар мен түсіндірмелер негізінде салауатты өмір салтына баулу.



9 сынып оқушыларымен 12.04.2025 жылы «Әлеуметтік дағдылар: қарым-қатынас құпиялары» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг әлеуметтік педагогтың жылы лебізімен басталды. Оқушылар "Көңіл-күй смайлигі" жаттығуы арқылы бір-бірімен эмоция алмасып, көңіл күйлерін бөлісті. Бұл бөлім қатысушылардың ашылуына, өзара сенімді орта қалыптастыруға ықпал етті. Слайд арқылы вербалды және вербалды емес қарым-қатынас түрлері, эмпатия, «Мен-хабарламасы», белсенді тыңдау дағдылары түсіндірілді. Оқушылар өзара талқылап, мысалдар келтірді. Әр оқушыға түрлі өмірлік жағдаяттар ұсынылып, олар сол жағдайға қатысты өз көзқарастарын білдіріп, пікір алмасты. Оқушылар сын қабылдау, достық қарым-қатынас, ата-анамен түсінісу, топтық қысым, әділетсіздікке жауап беру секілді маңызды тақырыптарда ойларын ортаға салды. «Менің идеалды досым» тапсырмасы барысында оқушылар дос бейнесін қағазға салып не сипаттап жазды. Бұл кезеңде оқушылар достық, сыйластық, адамгершілік туралы ойларымен бөлісті. Тренинг соңында оқушылар стикер арқылы көңіл-күйлерін білдірді (ұнады, орташа, қиын болды). Сонымен қатар, ауызша кері байланыс беріп, бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөлісті.



2025 жылғы 14 сәуір күні мектеп оқушылары арасында «Мектепте өзімді қалай сезінемін?» тақырыбында анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 8, 9, 10-сынып оқушылары қатысты. Сауалнама оқушылардың мектептегі психо-эмоционалдық жай-күйін, өздерін қауіпсіз және жайлы сезіну деңгейін анықтауға бағытталды. Нәтижесінде, қатысушылардың басым бөлігі мектепте өзін жайлы және қауіпсіз сезінетінін көрсетті. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар тарапынан буллинг (қорлау, мазақ ету, күш көрсету, әдейі шеттету, кибербуллинг) белгілері анықталған жоқ. Оқушылардың көпшілігі сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста екенін және қажет болған жағдайда мұғалімдер мен ата-аналарынан көмек сұрай алатынын атап өтті.



Оқу жылы барысында мектепшілік жоспарға сәйкес ата-аналар жиналыстарына қатысылды. Жиналыстарда оқушылардың оқу үлгерімі және тәртібі, қауіп-қатердің алдын алу (буллинг, интернеттегі қауіпсіздік), оқушылардың әлеуметтік және психологиялық ахуалы, қиын оқушылармен жұмыс жүргізу, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізудің жолдары, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және т.б. тақырыптар қамтылды. Әлеуметтік педагог ата-аналармен түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізіп, сұрақтарға жауап беріп, оқушылардың әлеуметтік жағдайы бойынша ақпарат ұсынды. Сонымен қатар, оқушының мектеп пен отбасындағы дамуына бірлескен қолдау көрсету маңыздылығы айтылды.



2025-2026 оқу жылында жұмыс нәтижелі болу мақсатында ұсыныстар:

Жылдық, тоқсандық, айлық жоспарларды нақтылап құру: Әлеуметтік топтағы оқушылардың санын, қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жоспарларын нақтылау.

Мұғалімдермен ынтымақтастық: Әлеуметтік мәселелерге қатысты дер кезінде ақпарат алмасу.

Профилактикалық видеороликтер, презентациялар жасау: Құқықбұзушылықтың, буллингтің алдын алу бағытында.

Біліктілікті арттыру курстарына қатысу: Әлеуметтік педагогика, инклюзивті білім, психология, құқық салаларындағы тренингтер.

Жаңа әдістемелерді игеру: Заманауи тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы жұмыс сапасын арттыру.